

Қазақстан Магниткасына

Бір кездегі шөліркеген маң дала,
Су қосылды Шерубай-Нұра арнаңа.
Тілі басқа- тілегі бір көп ұлттар,
Бас қосыпты Жауыртауда аланда.

Содан бері жарты ғасыр қалаңа
Қанша құрылыс бой көтерді жаңадан.
Жауыртауын—Теміртау боп жаңарды,
Ризамыз берген мынау Заманға.

Болатың сел, мәртен пешің күндерсің,
Адамдарың күнде өскен ер, дерсің.
Жасыл отын жастық болып жайнайды,
Әбішұлы горновой боп жүрген соң,

Тәуелсіз елдің қазіргі асқар тірегі,
Көп ұлтты елмен соққан бірге жүрегі,
Егеменді елімнің ең алғашқы басшысы,
Нұрсұлтаным қыран- боп сенен түледі,

Мақтанамыз (Магнитка асылым,
Шыңдадың сен адамдардың жасығын,
50 жылда сен жанардың ғажаптай,
Өткізгендей алтын дәуір ғасырын.

Мен қалайша серпілмеймін осынша,
Даңқына даңқ күнде солай қосылса.
Найзағайдай жарқылдайды оттарың,
Ұқсатамын ағып түскен жасынға.

О, Теміртау, жас отаулар ордасы,
Әрбір күнің жастық қолдың таңбасы.
Әрқұн сайын сел боп аққан болатын,
Болашақтың, келешектің арнасы,

Магниткам менің
Кең байтақ мынау даламның.
Көз тіккен оты жер-жаһан бүкіл ғаламның.
50 жылдық мерей тойың мерейлі

Тілегі сенсің жер жүзі барлық, адамның.
Құш-қуат сенде жаңарған мына сананың,
Ақ ниет-тілек осы жыр мынау арнауым,
Мәртебесін биіктет тағы қазақтың,
Магниткам менің- көктегі күндей алаулым!

С.АЙНАТАЕВ,
"Заман" газеті 22 қаңтар, 2001 жыл.